

АЛМАТЫ



АҚШАМЫ



МАЛҒА ЖАРЛЫ БОЛСА ДА, АЙТАР СӨЗГЕ, ТІЛГЕ БАЙ



Тәңірберген (Тәңірберлі) Молдабай әні XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында бүкіл қазақ даласын шарлап кеткен, дауылпаз ән болды. Сол қазақтың кең даласына кеңінен танылған кең тынысты әннің авторы, өнер иесі Молдабайды өз өнеріне сай құрметтей алдық па? Осы ой көптен бері мазалаушы еді.

Өйткені, «Тәңірберген Молдабай» әні менің құлағымға сіністі болған ән-тұғын. Әкем бұл әнді, керемет домбырашы болмаса да, қолы бос, көңілді отырған шағында «Тәңірберген Молдабай» деп қойып, домбырамен тартып айтып отыратын. Сол жылдардағы құлағымда қалған «Тәңірберген Молдабай, малға жарлы болса да, айтар сөзге, тілге бай» деген өлең жолдарымен қатар, «алтын қалпақ, жез телпек хандар киер көзіне» деп, шалқи соққан өлеңді ұмытпаған едім. Бұл ән қазір «Қоңыр» тобының орындауында жаңа қырынан танылып, барша жұрттың көңілін баурап алды.

1976 – 1978 жылдары қызмет бабымен жүріп, Сыр еліндегі атақты жыраулардың бірі Мұхамедияр Жабағиевпен Қараөзек бойында кездесіп, әңгімелесіп, ән-жырларын тыңдаған болатынмын. Сол тұста тағы да алдымнан «Тәңірберген Молдабай» әні шықты. М.Жабағиевпен қатар, Ақмырза Тұяқбаев та осы әнді айтатын.

Кейіннен жұмысбасты болып жүріп, Молдабайды ұмытып кеттім. Алайда, арада бірталай уақыт өткесін, республикалық газетте жұмыс істеп жүргенімде, дауылпаз әнші ойыма оралып, ол туралы деректерді, түрлі басылымдардағы мақалаларды ақтарып қарап, саралай бастадым.

Молдабай әншіні жалпы зерттелмеді, ол туралы ешнәрсе жазылмады десек, қателескендік болады. XX ғасырдың отызыншы жылдарында халық ағарту комиссары болған Темірбек Жүргеновтен бастап, академик Ахмет Жұбанов, Евгений Брусилловский, тағы басқалары кезінде зерделеп, оның жалғыз-ақ өлеңін ізінен ерген талантты шәкірті Әділ Құрмановтың айтуымен нотаға түсірген. Сонымен қатар, «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» жинағының 5-томында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорының 184-бетінде Молдабайдың «Бозбала, жастық шағың шекер-балдай» атты өлеңінің көрсеткіші бар екен. Оны жинаушы – Ғалымжан Мұқатов, қорға тапсырушы – Балтабай Адамбаев.

Шежіре, ата-тек жайында аздап хабардар болғандықтан, Молдабай әнші-жыршының шыққан тегі мен ата-баба, әулеті жайында зерделей бастадым. Сонда алғаш қолыма іліккен «Сыр сүлейін сұрасаң» (2008 ж.) музыкалық антологиясы болды. Оны құрастырушы – белгілі жыршы-ғалым Берік Жүсіпов. Антология топтамасының 3-дискісінде Молдабай әнін беріп, «Алаша Молдабай» деп жазылыпты. Жалпы, Сыр елінде Молдабайды орынборлық деп айтатын. Оның тегін тереңірек білмейтіндері аңғарылатын.

Белгілі сазгер, жазушы Ілия Жақановтың 2012 жылы шыққан «Тәңірберді Молдабай» атты эссе-элегиясын оқыған соң, көптен күткенім көкпен түскендей, жоғым табылғандай болып қалдым. Қуандым да, осы мақаланы жазғанды жөн көрдім.

Сыр елінде Молдабайдың әнін білгенімен, орындаушылар оның шыққан тегін толық біле бермейді. Өйткені, қоныс бөлек, жер шалғай және оны көргендердің өзі бұл өмірден өтіп кеткенді. І.Жақанов ағамыздың жоғарыда аталған кітабы күмәнді тұстарды

нақтылауға, тіпті, Молдабай әншінің бар болмыс-бітімінің танылуына жол ашқан. Бала күнгі естіген «Тәңірберген Молдабай» әні ғана емес, зерттеулер нәтижесінде оның басқа да ән-жырлары болғаны белгілі болып тұр. Бұл тұста композитор Ілия Жақановтың еңбегі айрықша деуге болады. Ол кісі жасының егде тартқанына қарамастан, Молдабай әнші өмір сүрген аймақта бірнеше рет болып, зерттеу жүргізген. Бұл дегеніміз – ХХІ ғасыр ұрпақтарына бұдан 150-160 жыл бұрын өмір сүрген әнші Молдабайды тірілтіп, шығармаларын айналымға қосты деген сөз. Бұл – орасан зор еңбек. Демек, Молдабай – әнші, жыршы, сазгер, оның шығармаларын зерттеуге, оның есімін құрметтеуге кең жол ашылды. Бұл тұста Ақтөбе облыстық газеті мен «Айқын» газеті және «Қазақстан» телеарнасы біраз ізденістер жасап, Тәңірберген Молдабайдың өнерін бүгінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында мақалалар жазып, көрсетілімдер көрсетті.

Молдабайды Алаша руынан деу оның әндерін орындаған, Әкімгерейдің көзін көрген Мұхамедияр Жабағиевтан шығуы мүмкін. Ол Әкімгерей жыраудың кезінде айтқанын ұмытып қалғандықтан болар деп ойлаймын. Молдабайдың шыққан тегін, туып-өскен жерін нақтылаған бірден-бір адам – Ілия Жақанов. Сонымен, Молдабай әнші Тама руының Аташал бұтағынан. Аташалдың бір баласы – Тәңірберлі (Тәңірберді деп те айтылып жүр – Т.Д.) Тәңірберліден – Сары, одан Жолбарыс туған. Жолбарыстан – Торғай, одан Молдабайдың әкесі туады. Молдабай, негізінен, Торғаев болып жазылыпты. Әншінің әкесінің аты белгісіз, ол оның момын болуы әрі ерте қайтыс болуынан және Молдабай атасының бауырында өскендіктен болар деп ойлаймын. Жалпы, Молдабай хақында жазылған дүниелерден атасы Торғай, өзінің баласы Жиеншора немересі Есенаман, шөбересі Мұрат та әнші болғандығын білуге болады. Демек, Молдабай әулетінде әнші, жырау, жыршылық жалғасқан.

Молдабай хақында оның жақын ағайын-туысқандарымен қатар, белгілі өнертанушылар да зерттеулер жасады. Солардың қатарына Әкімгерей Қостанов, Ахмет Жұбанов, Сыдық Мұхамеджанов, Әділ Құрманов, шежіреші қария Сейітқали Жанғалиев, Мақсат Қарлығашов, Елена Ониськова, Әсия Қалижанқызы Рақымжандар мен басқа да ел азаматтарын жатқызуға болады. Солардың зерттеулері негізінде «Замана азғанда», «Бестоспа», «Қойшының әні», «Сусар-ай» әндері табылған. Тіпті, белгілі кинорежиссер Шәкен Айманов «Алдар көсе» фильміне Молдабайдың әнін пайдаланғандығы да айтылып жүр.

Молдабайды, «Тәңірберген Молдабай» әнін нақышына келтіре айтқан Әли Құрмановты, сол кездегі өнер адамдарын зерделеуде академик Ахмет Жұбановтың, әнші, жырау Әкімгерейлердің еңбектері ұшан-теңіз. Сонымен, Молдабай Торғаев, Елена Ониськованың жазуынша, 1858 жылы бұрынғы Торғай облысы Ақтөбе уезінің Бөрлі болысының №3 ауылында туғанын, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық тұсында өмірден өтіп, бабалары жерленген Күшікбай суы бойындағы қорымға қойылғанын білдік. Ілия ағаның жазуына қарап, Молдабай қорымының қоршауы алынып, көктастарының бұзылғанын аңғарамыз.

Ілекең бас болып, ақтөбелік азаматтар игілікті істі қолдап, Молдабай әншінің бейітін жөндеп, қоршап, облыстық дәрежеде «Тәңірберген Молдабай» шығармашылығы жайлы ғылыми-тәжірбиелік конференция өткізді. Мәртөк ауданы әкімінің орынбасары Бұлбұл Күзенбаевадан 2016 жылы ауданда Молдабай шығармашылығын насихаттау шаралары кеңінен қолға алынып, республикалық деңгейде «Тәңірберген Молдабайдың» есімі құрметтелетінін естіп-білдік. Естідік те қуандық. Жобаланған ізгі іс ойдағыдай орындалып жатса, нұр үстіне нұр болмақ. Жоғарыда есімдері аталған азаматтардан басқа, әнші Жүсіп Сейілов, Қоянбай Тобағабылов және белгілі әнші, жырау, қоғам қайраткері Бекболат Тілеухановтың орындауында қазір Молдабай әні қазақ елі аспанында шарықтауда. Алайда, бұл аздық етеді.

Әкелерім – Дайрабай, Майлыбай, басқа да Сыр еліндегі көнекөз қариялардың ағасы, әкесі болып табылатын Дүр-Оңғар жыраудың орынборлық Молдабай жыраумен айтысқанын айтушы еді. Молдабайдың Орынбор базарында ойын-сауық құрып, аспандата

ән шырқағаны белгілі. Сол тұста, 1859 жылы Қармақшы өңірінде туып-өскен Оңғар ақынның «Асылзат дәрежеңді жақсы көрдім» атты өлеңіндегі:

... «Аузында Орынбордың мұнанайды,

Мұнанай тастан соққан құламайды»,—деген жолдарынан-ақ Оңғар ақын-жыраудың Орынбор базарында болғандығы, онда жыр айтқанын байқайсыз. Сондай бір күндері атақты Молдабай ақынмен кездесіп, айтысуы да мүмкін ғой. Қарттар қате айтпаса керек. Екінші бір деректе Молдабайдың Кердері руының Алтын есімді қызымен айтысқаны айтылып жүр. Демек, Молдабай әнші, жыршы, сазгер ғана емес, ақын, сері болған азамат. Құс салып, тазы жүгірткен аңшы да. Тәңірберген Молдабай -бір өңір не болмаса бір аймақтың ғана емес, тұтас қазақ елінің дауылпаз әншісі. Сондықтан да оның әндерін насихаттап, өнерсүйер қауымға кеңінен таныстыру – бүгінгі ұрпақтың міндеті және абыройлы ісі болмақ. Әнші, жыршы, сазгер, сері, ақын Молдабайдың қазақ даласына түгел жеткен «Тәңірберген Молдабай» әнінің нұсқасын ұсынуды жөн деп таптым.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, этнограф.